

**«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ АГРАРЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ»
КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ**

БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ

7М07501 «Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)»

ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

2023-2024 о.ж.

АЛМАТЫ, 2023

Элективті пәндер каталогы Қазақ ұлттық аграрлық университетінің Оқу-әдістемелік Кеңесінің (хаттама № __, __ 2020 жыл) және Ғылыми Кеңесінің (хаттама № __, __ 20__ ж.) шешімімен мақұлданған.

Элективті пәндер каталогына 7М07 Инженерлік, өндірістік және құрылыс салалары білім беру саласының білім беру бағдарламалары енгізілген.

АЛҒЫ СӨЗ

Элективті пәндер каталогы (ЭПК) Қазақстан Республикасы БҒМ 2018 жылдың 31 қазанында № 604 бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты мен Білім беру бағдарламасы негізінде 05.05.2020 жылғы № 182 өзгертулер мен толықтыруларымен Қазақ ұлттық аграрлық университетінің оқу-әдістемелік жұмыстар бөлімімен құрастырылды.

ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын құру үшін элективті оқу пәндерін баламалы таңдау мүмкіндігімен қамтамасыз етеді. Білім беру бағдарламаларының және ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен жеке оқу жоспарын әзірлейді.

Каталог кестесінде жалпы білім беру пәндері (ЖБП) Циклінің міндетті, таңдау пәндері, базалық пәндер (БП) және кәсіптік пәндер (КП) келтіріледі. ЭПК формулярында пәндердің қазақ, орыс және ағылшын тілдеріндегі атаулары, пәннің қысқаша мазмұны, пәннің пререквизиттері мен постреквизиттері, бағдарлама жетекшілерінің аты-жөні, ғылыми дәрежесі, қызметі, кредит саны мен курсты оқу семестрі көрсетілген.

Білім беру бағдарламасы: 7M07501 «Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)»

Берілетін дәреже: 7M07501 «Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)» **білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистры**

Цикл	Код	Пән атауы	Академ. кредиттер
1 семестр – 22 академиялық кредит			
<i>Міндетті компонент-7 кр</i>			
ЖК	ZhMP 7203	Жоғары мектеп педагогикасы	5
	TOMDOKMGZ 603001	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	2
<i>Таңдау компоненті – 15 кр</i>			
ТК/КП	SSDZA 60205	Қазіргі заманғы стандарттау және сертификаттау дамуының аспектілері (салалар бойынша)	5
	МК 60205	Метрологиялық қадағалау	
ТК/КП	GZIKUZH 60206	Ғылыми- зерттеу және инновациялық қызметті ұйымдастыру және жоспарлау	5
	OSST 60206	Өнімді сәйкестендіру және сенсорлық талдау	
ТК/КП	TOKL 60207	Тамақ өнімдерінің ксенобиотиктермен ластануы	5
	TOSRZH 60207	Тамақ өнеркәсібіндегі сәйкестікті растау жүйесі	
2 семестр – 38 академиялық кредит			
<i>ЖОО компоненті – 32 кр</i>			
БК	GTF 7201	Ғылымның тарихы мен философиясы	4
БК	ShT 7202	Шетел тілі (кәсіби)	4
БК	BP 7204	Басқару психологиясы	4
БК	PP 7205	Педагогикалық практика	3
БК	KSZhB 7309	Кәсіпкерлік саласындағы жобаларды басқару	7
БК	SSGZA 60302	Стандарттау мен сертификаттаудағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасы	5
	IP 7311	Исследовательская практика	
		Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы (МҒЗЖ)	2
<i>Таңдау компоненті – 6 кр</i>			
ПД/КВ	TR 60303	Техникалық регламенттер	6
	KKDBZhS 60303	Кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты басқару жүйесінің стандарттары	

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ZhMP 7203 - Жоғары мектептің педагогикасы HEP 7203 - Higher education pedagogy
Пәннің ПОҚ	п.ғ.к., профессор Жаксылыкова Н.Е. п.ғ.к., қаум. профессор Скабаева Г.Н.
Пән циклі	ЖК/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Ғылым тарихы мен философиясы, Басқару психологиясы
Пәннің постреквизиті	Педагогикалық практика
Пәнді оқу мақсаты	жоғары мектеп оқытушысының кәсіби-педагогикалық мәдениеті негіздерін қалыптастыру, педагогикалық күзіреттілікті қалыптастыру, университеттің оқу процесінде болашақ оқытушыларды жалпы мәселелермен, жоғары мектеп педагогикасының әдіснамалық және теориялық негіздерімен, заманауи талдау технологияларымен, оқыту мен тәрбиелеуді жоспарлау мен ұйымдастырумен, оқытушы мен білім алушының пәндік өзара әрекеттесуінің коммуникативті технологияларымен таныстыру.
Пән мазмұны	Жоғары білім беудің қазіргі заманғы парадигмасы. Қазақстандағы жоғары кәсіби білім беру жүйесі. Педагогика ғылымының әдіснамасы. Педагогикалық зерттеудің әдіснамалық аппараты. Жоғары мектеп оқытушысының кәсіби және коммуникативті күзіреттілігі. Жоғары мектептегі білім беру теориясы (дидактика). Жоғары мектептегі қозғаушы куштері мен қағидалары. Жоғары білім берудің мазмұны. Жоғары мектепте кредиттік оқыту жүйесі негізінде оқыту процесін ұйымдастыру. Болашақ мамандарды даярлауда оқытуды ұйымдастырудың дәстүрлі және белсенді әдістері мен формалары. Жоғары мектептегі жаңа білім беру технологиялары. Кредиттік технология жағдайында студенттердің өзіндік жұмысын ұйымдастыру. ЖОО-дағы эдвайзердің, тьютордың және офис-тіркеушінің қызметі. Жоғары мектептің ғылыми іс-әрекетінің теориясы. СҒЗЖ. Жоғары мектеп маман тұлғасын қалыптастыру және тәрбиелеудегі әлеуметтік институты ретінде. ЖОО-дағы тәрбие жұмысының мәні мен негізгі бағыттары. Жоғары білім беру жүйесіндегі Куратор. Оқу-әдістемелік материалдарды құрастыру технологиясы. Жоғары білім берудегі менеджмент.
Пәннің күзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: Білуі керек: қазіргі жоғары білім берудің және педагогикалық ғылымның өзекті мәселелерін; ЖОО оқытушысының педагогикалық іс-әрекеттің мәнін; Іскерліктерін меңгеру: педагогикалық теориялардың заңдылықтарына сүйене отырып, педагогикалық фактілерді, құбылыстарды, оқиғаларды және оларды педагогикалық ғылым тілінде сипаттауды, педагогикалық болмысты түсіндіруді, болжауды және жетілдіруді; оқыту мен тәрбиелеудің жаңа тұжырымдамаларына негізделе отырып, оқу-тәрбие процесін

	<p>құрастыруды, білім берудің ТЛА-стратегиясын, оқытудың кредиттік жүйесін меңгеруді; оқыту мен тәрбиелеу процесінде шығармашылық-дамытушы орта құруды; студенттерді оқыту мен өзін-өзі дамытуды ынталандыруды; педагогикалық білім беру; Блум таксономиясына сәйкес құзыреттілікті бағалау.</p> <p>Меңгеруі керек: оқытудың тиімді ЖОО технологияларын қолдануын; студенттердің іс-әрекетін ұйымдастыру және басқаруын.</p> <p>Құзыретті болуы тиіс: жоғары педагогикалық білім беру мәселелерін шешу және оның одан әрі даму перспективасына; оқытудың тиімді ЖОО технологияларын қолдану мәселелеріне; педагогикалық коммуникативтік қарым-қатынастың негізгі түрлеріне; өзекті психологиялық-педагогикалық мәселелерді шешу, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау; студенттердің қызметін ұйымдастыру және басқаруына.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Негізгі</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жаксылыкова Н.Е., Тленбаева А.А., Скабаева Г.Н. Педагогика. Учебное пособие., Алматы, 2018. 2. Zhaxylykova N.Y., Skabayeva G.N., Tlenbayeva A.A. Pedagogy. Textbook, Almaty, 2020. 3. Zhaxylykova, N. Educational-methodological complex of the discipline (EMCS) for a master "Pedagogy" [Текст]: for undergraduates of all specialties; KazNAU.- Almaty: Aytumar, 2018. 4. Жаксылыкова Н.Е. Учебно-методический комплекс дисциплины (УМКД) «Педагогика высшей школы» для магистранта. Для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020 г. 5. Zhaxylykova N.Y. Educational-methodical complex of discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL» for master students. For graduate education program of the master course, Almaty 2020. 6. Жаксылыкова Н.Е. Лекционный комплекс по дисциплине «ПЕДАГОГИКА ВЫСШЕЙ ШКОЛЫ» для образовательной программы магистратуры, Алматы, 2020г. 7. Zhaxylykova N.Y. Lecture complex in the discipline «PEDAGOGY OF HIGHER SCHOOL». For graduate education program of the master course, Almaty 2020 г. <p>Қосымша</p> <ol style="list-style-type: none"> 8. Шалгынбаева, К.К. Жоғары мектеп педагогикасы [Электрондық ресурс]: электрондық оқулық / К.К. Шалгынбаева, Н. Албытова, Т.С. Сламбекова; ҚР Білім және ғылым м-трлігі; Респ. жоғары оқу орындары аралық электрондық кітапхана. - Алматы: РМЭБ, 2016. 9. Жаксылыкова, Н.Е. Учебно-методический комплекс для PhD докторанта по дисциплине "Педагогическая деятельность преподавателя высшей школы" [Текст]: для PhD докторантов всех спец. / Н.Е. Жаксылыкова.- Алматы: Айтұмар, 2015.- 104 с. 10. Жаксылыкова, Н.Е. Вузовская педагогическая практика для докторантуры PhD [Текст]: учеб.-метод. пособие / Н.Е. Жаксылыкова, А.А. Тленбаева; М-во образования и науки РК; КазНАУ.- Алматы: Айтұмар, 2013.- 50с 11. Жаксылыкова, Н.Е. Педагогическая практика для

	<p>магистратуры [Текст]: учеб.-метод. пособие / Н.Е. Жаксылыкова, А.А. Гленбаева; КазНАУ.- Алматы, 2015.- 58с.</p> <p>12. Таубаева, Ш.Т. Педагогика әдіснамасы [Мәтін]: оқу құралы / Ш.Т. Таубаева.- Алматы: Қарасай, 2013.- 432 б.</p> <p>13. Артемьев, А.И. Краткая история педагогики (от истоков до наших дней) [Текст] / А.И. Артемьев.- Алматы: Бастау, 2013.- 344</p> <p>14. Жоғары оқу орындарында тәрбие жұмысының өзекті мәселелері [Мәтін]: әдістемелік құрал / ҚР Білім және ғылым м-трлігі.- Астана: "Алма Принт" ЖШС, 2011.- 133 б.</p> <p>15. Резник, С.Д. Преподаватель вуза: технологии и организация деятельности [Текст]/С.Д.Резник, О.А. Вдовина.- 3- е изд., перераб. и доп.- М: Инфра-М, 2011.- 361 с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	SSDZA 60205 - Қазіргі заманғы стандарттау және сертификаттау дамуының аспектілері (салалар бойынша) MADSS 60205 Modern aspects of the development of standardization and certification (by industry)
Пәннің ПОҚ	Дуйсенбекова О.О., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессоры
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Техникалық регламенттер
Пәнді оқу мақсаты	Стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым. Халықаралық және аудандық стандарттарды отандық тәжірибеде қолдану. Халықаралық стандарттаудың дамуының тарихи негізі, оның өнім сапасын жоғарлатудағы рөлі. ИСО ұйымдық құрлымы. Халықаралық электротехникалық комиссиясы (МЭК). Халықаралық стандартизацияда қатысатын халықаралық ұйымдар. Стандарттау жөнінде жалпы еуропалық ұйымдар. Электротехника стандарттау жөнінде еуропалық комитет (СЕНЭЛЕК). Стандартизация жөнінде ЕС қызметі. Халықаралық стандартизация тәжірибесіндегі маңызды сұрақтар. Халықаралық стандарттау. Стандарттаудың экономикалық нәтижелілігі. Шетелдердегі стандарттау. Стандарттардың гармонизациясы. ҚР-дағы стандарттардың қолданылуы.. Кедендік одақ аумағындағы келісімдері туралы магистранттарға тереңдетілген білім беру.
Пән мазмұны	Халықаралық стандарттауды. ИСО-ның келешекті міндеттерін. Қазақстандағы жағдайын. Стандарттау жөніндегі халықаралық ұсынымдарын, халықаралық стандартқа сай өнім сәйкестігін, оның халықаралық нарықта бәсекеге қабілеттілігін және бағасын анықтауды. Халықаралық сапа стандартын қолдану - халықаралық нарыққа Қазақстандық өнімдердің шығуы үшін кең мүмкіншіліктерін. Халықаралық стандарттау ұлттық стандарт жасауға кететін қажетті қаражат пен уақытты үнемдеуге мүмкіндігін. халықаралық стандарттаудың дамуы әлемдік сауданың дамуын болжауды қамтамасыз ету.
Пәннің күзiреттiлiгi	білуі тиіс- стандарттау негізін; заманауи халықаралық

	<p>стандарттаудың нормативтік құжаттарын және олардың теориялық, заңнамалық базалары; өнім сапасының көрсеткіштері және оларды анықтау тәсілдері; сапаны қамсыздандырудың инженерно-техникалық әдісі; стандарттаудың техникалық нысандарын басқарудың үрдістерін; Құқықтың негіздер, ұйымдық-әдістік принциптер, стандарттауды нормативті-әдісті қамсыздандыруды.</p> <p>- дағдысы болу керек- Қазіргі заманғы стандарттау және сертификаттау дамуындағы стандарттау ұйымдардың бағдарламасын инспекциялық бақылау бағдарламасын құруға, стандарттау нәтижелерін талқылауға, шет елдік сертификаттау жүйелерін әзірлеуде;</p> <p>-құзыретті болу керек- Қазіргі заманғы стандарттау және сертификаттау дамуының барлық кәсіби қызметтің аспектілері бойынша.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Список основной литературы</p> <p>1 Основы стандартизации, метрологии, сертификации и менеджмента качества: Учебное пособие /Под общей редакцией К.А. Тазабекова – Алматы.: Казахская ассоциация маркетинга. 2010 – 564 с.</p> <p>2 Лифиц И.М. Основы стандартизации, метрологии и сертификации: Учебник. М.: Юрайт, 2009. 156.</p> <p>3 Дүйсенбекова О.О. Ауыл шаруашылық салалар бойынша үрдістер мен өнімдерді стандарттау. Оқулық 28. 04. 2018 ж. Алматы: Абай даңғылы, 8 ҚазҰАУ, 2017-308бет.</p> <p>4 Дүйсенбекова О.О. Өнім және процесстер сапасын басқарудың статистикалық әдістері. Оқу құралы 28. 02. 2015 ж. Алматы: Абай даңғылы, 8 ҚазҰАУ, 2016-184бет</p> <p>5 Дүйсенбекова О.О. Метрология, стандарттау, сертификаттау, жүйелері және сапа басқару. Оқулық 28. 08. 2018 ж. Алматы: Абай даңғылы,</p> <p>6 Дүйсенбекова О.О. Метрологиялық қадағалау. Оқулық. 2018. эвера</p> <p>Список дополнительной литературы</p> <p>8 «Сәйкестікті растау саласында аккредиттеу туралы» ҚР Заңы. – Астана, 2008 2 ҚР СТ 7.0-99. Қазақстан Республикасының тіркеу жүйесі. Негізгі ережелер. ҚР СТ 7.8-2002. Қазақстан Республикасының тіркеу жүйесі. Сертификаттау жөніндегі органдарды, сынау, салыстырып тексеру және калибрлеу зертханаларын (орталықтарын) тіркеу тәртібі; ҚР СТ 7.3-2008. Қазақстан Республикасының тіркеу жүйесі. Сынау зертханаларына (орталықтарына) қойылатын талаптары. ҚР СТ 7.2-2002. Қазақстан Республикасының тіркеу жүйесі. Сертификаттау жөніндегі органдарға қойылатын жалпы талаптар</p> <p>9 Метрология, стандарттау және сертификаттау негіздері: Оқу құралы /Г.Х. Шәкібаева, Х.Қ. Оспанов, Р.Р. Сыздықов, Л.И. Сыздықова. – Алматы: Қазақ университеті, 2012. – 242 бет.</p> <p>10 Әубәкіров Ғ. Метрология, стандарттау және өнім сапасын басқару: Оқулық. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 2008, - 140 бет.</p>

	<p>11 Ряполов А.Ф. Сертификация. Методология и практика. М.: Издательство стандартов, 2009.</p> <p>12 Окрепилов В.В. Управление качеством: учеб.пособие.- М.:Издательство стандартов, 2010-696 с.</p> <p>13 Федюкин В.К. и др. Методы оценки и управления качеством промышленной продукции: учебник. – М.: Филин, 2001-328 с.</p> <p>14 Никитин В.А., Филончева В.В. Управление качеством на базе стандартов ИСО 9000: 2000. –СПб.: Питер, 2004 -127 с.</p> <p>15 https://kodeksy-kz.com/index.htm</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	МК 60205- Метрологиялық қадағалау MS 60205 Metrological supervision
Пәннің ПОҚ	Дуйсенбекова О.О., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты басқару жүйесінің стандарттары
Пәнді оқу мақсаты	Мемлекеттік реттеу салаларында да, одан тыс жерлерде де метрологиялық талаптардың сақталуын жүйелі тексеруге, бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ қадағалау іс-әрекеттері кезінде анықталған бұзушылықтарды жою жөнінде шаралар қабылдауға үйрету.
Пән мазмұны	Метрологиялық қадағалау объектілері; метрологиялық қадағалауды енгізу тәртібі; метрологиялық қадағалаудың мазмұны; өлшем әдістемелерін метрологиялық қадағалау; өлшем құралдарын калибрлеу үшін қолданылатын шама бірліктерінің эталондарын, заттар мен материалдардың құрамы мен қасиеттерінің стандартты үлгілерін метрологиялық қадағалау; метрологиялық ережелер мен нормалардың, өлшем бірлігін қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құжаттардың сақталуын метрологиялық қадағалау; өлшем құралдарының типін бекіту мақсатында сынауға, сондай-ақ салыстырып тексеруге және калибрлеуге өлшем құралдарын уақтылы ұсынуды Тексеру; метрологиялық қадағалауды жүргізу тәртібі; метрологиялық қадағалау нәтижелерін ресімдеу; метрологиялық қадағалауды ережелер мен нормалар.
Пәннің күзіреттілігі	Білуге тиіс: өлшеу құралдарының, эталондардың, стандартты үлгілердің, өлшеу функциялары бар техникалық құрылғылардың, сынау және бақылау жабдықтарының, мемлекеттік реттеу салаларында да, одан тыс жерлерде де пайдаланылатын рұқсат етілген бақылау құралдарының жай-күйі мен қолданылуы; Менгеруі керек: СИ метрологиялық қадағалауды жүргізу Күзіретті болу: метрологиялық қадағалау нәтижелерін

	ресімдеуде.
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Список основной литературы</p> <p>1. Сазыкин И.А. Метрология, стандартизация и сертификация. М.: РГОТУПС, 2003. - 84 с.</p> <p>2. Дубовой Н.Д., Портнов Е.М. Основы метрологии, стандартизации и сертификации; учебное пособие. - М: ИД "ФОРУМ": ИНФРА-М, 2008. - 256 с.</p> <p>3. Дүйсенбекова О.О. Метрология, стандарттау, сертификаттау, жүйелері және сапа басқару. Оқулық 28. 08. 2018 ж. Алматы: Абай даңғылы,</p> <p>4. Дүйсенбекова О.О. Метрологиялық қадағалау. Оқулық. 2018. эвера</p>

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	<p>КОЕК 60206 - Ғылыми- зерттеу және инновациялық қызметті ұйымдастыру және жоспарлау</p> <p>ORPRIA 60306 Organization and planning of research and innovation activities</p>
Пәннің ПОҚ	Дүйсенбеова О.О., а.ш.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Техникалық регламенттер
Пәнді оқу мақсаты	Пәннің мақсаты-ғылыми, педагогикалық және инновациялық қызметті жоспарлау және ұйымдастыру теориясының негізгі тұжырымдамалары мен анықтамалары туралы терең білім беру.
Пән мазмұны	ЕАЭО-да және мүше мемлекеттер мен республикаларда Техникалық реттеу қызметін құқықтық, заңнамалық және заңнамалық дамытуда нормативтік актілерді қалыпқа келтіру.
Пәннің күзреттілігі	<p>Білуі тиіс: стандарттау және сертификаттау жүйесіндегі зерттеулер мен инновациялар саласындағы жаңа ғылыми жетістіктерді; компьютерлік технологияларды пайдалануды, реттеуші құжаттардың ақпараттық базасын, өнімдер мен қызметтер үшін нормативтік құжаттарды іздеуде каталогтауды және кодтауды. Күрделі зерттеулердің дәйектілігін және олардың бірыңғай жүйеге кірігуін бағдарламалау.</p> <p>Меңгеруі керек: өнімді үдерістердің сапасын бағалау және қамтамасыз ету, реттеуші құжаттардың ақпараттық базасын құру.</p> <p>Құзыретті болу: - зерттеулер мен инновацияларды ұйымдастыруға және жоспарлауға байланысты кәсіби қызметтің барлық аспектілерінде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Байөміров, М.Е. Стандарттау және метрология негізінде өнімдер мен қызмет түрлерін сертификаттау [Мәтін]: оқу құралы /

	<p>М.Е. Байөміров, А.Б. Тимбаев, Ж.Қ. Салықбаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 154 б.</p> <p>2.Баубеков, С.Ж. Стандарттау метрология және сертификаттауды қоғамдық тамақ саласында қолдану [Мәтін]: оқулық / С.Ж. Баубеков, К.С. Таукебаева, Г.Ш. Жумадилова.- Алматы: Эверо, 2017.- 336 б.</p> <p>3.Дүйсенбекова, О.О. Метрология, стандарттау, сертификаттау жүйелері және сапаны басқару [Мәтін]: оқулық / О.О. Дүйсенбекова.- Алматы: Эверо, 2017.- 380 б.</p> <p>4.Жанбыров, Ж.Г. Метрология негіздері [Мәтін]: оқу құралы / Ж.Г. Жанбыров, С.Ә. Мәшеков.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 96 б.</p> <p>Статистические методы управления качеством продукции [Текст]: учеб. пособие / Г.С.Сарсекеева, Г.Т.Дугалов, Р.К.Ниязбекова, Д.М.Атымтаева.- Алматы: Эпиграф, 2016.- 180 с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	OSST 60206- Өнімді сәйкестендіру және сенсорлық талдау ISAP 60206 Identification and sensory analysis of products
Пәннің ПОҚ	Татыбаев М.К. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты басқару жүйесінің стандарттары
Пәнді оқу мақсаты	Білім алушыларды Измир құралдарын қолданбай сезім органдарының көмегімен тамақ және дәм өнімдеріне органолептикалық талдау жүргізуге үйрету.
Пән мазмұны	Сенсорлық сипаттаманы сапаның құрамдас бөлігі ретінде зерттеу Өнімдер. Өнімдердің компоненттері мен сенсорлық қасиеттері. Органолептиканың психофизиологиялық негіздері. Дәмін талдау әдістері. Дәмдік талдаудағы сараптамалық әдіс. Органолептикалық және аспаптық сапа көрсеткіштерінің өзара байланысы. Заманауи дәмдік талдауды ұйымдастыру.
Пәннің күзiреттiлiгi	Бiлу: органолептикалық ғылым туралы жалпы ақпарат Iстей алуы керек: сараптамалық әдістер көмегімен өнімді сенсорлы талдау және сәйкестендіруді жүргізу. Құзыретті болу: сенсорлық талдау мәселелерінде әр түрлі дәмдік талдау әдістерін қолдана отырып
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>1. Сарлыбаева, Л.М. Технология переработки пищевых продуктов [Текст]: учеб. пособие / Л.М. Сарлыбаева.- Алматы: Эверо, 2017.- 116 с.</p> <p>2. Продовольственная безопасность и питание [Текст]: учеб. пособие / МОН Кыргызской республики. Кырг. НАУ им. К.И. Скрябина.- Бишкек, 2015.- 360 с.</p>

	<p>3. Экспертиза доброкачественности и радиационной безопасности продуктов. Их стандартизация и сертификация [Текст]: в 3-х т. т. 1: Полевая ветеринарно-санитарная и радиобиологическая экспертиза продуктов животноводства: учеб. пособие / отв. ред. В. П. Ветров.- Алматы: КазНАУ, 2011.- 324 с.</p> <p>4. Экспертиза молока и молочных продуктов. Качество и безопасность [Текст]: учеб. пособие / Н.И. Дунченко [и др.]; под общ. ред. В.М.Позняковского.- Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2007.- 477 с.</p> <p>5. Позняковский, В.М. Экспертиза мяса и мясопродуктов. Качество и безопасность [Текст]: учеб. пособие / В.М. Позняковский.- 4-е изд, испр. и доп.- Новосибирск: Сиб. унив. изд-во, 2007.- 528 с.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	ТОКЛ 60207- Тамақ өнімдерінің ксенобиотиктермен ластануы FCWX 60207 - Food Contamination with xenobiotics
Пәннің ПОҚ	Серикбаева А.Д., б.ғ.к., профессор, Мырзабек К.А., а.ш.ғ.к., қауым. профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Техникалық регламенттер
Пәнді оқу мақсаты	
Пән мазмұны	Тағам өнімдерінде патогенді микроорганизмдердің, жасанды және табиғи радионуклидтердің, ауыр металл тұздарының, нитриттердің, нитраттардың, нитрозоқосылыстардың, пестицидтердің, сондай - ақ тағамдық қоспалардың, яғни консерванттардың, бояғыштардың және басқалардың болуы адам денсаулығына қауіп төндіреді. Азық-түлік өнімдері қоршаған ортадан экологиялық зиянды заттарды - ксенобиотиктерді сіңіріп, оларды қауіпті мөлшерде шоғырландыруға қабілетті екендігі белгілі. Бұл курста тағам өнімдерінің шикізаты мен дайын өнімдердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары, оларды техникалық реттеу мәселелері, ксенобиотиктердің түрлері, шикізат пен азық-түліктің ксенобиотиктермен ластану жолдары, тағам өнімдері мен шикізаттағы ксенобиотиктерді нормалау қағидалары, сондай-ақ ксенобиотиктердің адамға және қоршаған ортаға зиянды әсерін азайту жолдары қарастырылады.
Пәннің күзіндеттілігі	Курсты меңгеру нәтижесінде магистранттар - тағам шикізаты мен өнімдердің ластағыштарының токсикологиялық-гигиеналық сипаттамаларын, шекті рұқсат етілген нормаларын білуі тиіс, сонымен бірге тағам шикізаты мен тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, сапасы және сараптау әдістері, олардың ластануының алдын алу мәселелерінде еркін бағдарлануға мүмкіндік беретін білімі болуы тиіс; - тағам шикізаты мен тағам өнімдерінің қауіпсіздігі, сапасы және сараптамасы, олардың ластануының алдын алу мәселелерін

	бағдарлай алуы тиіс; - ксенобиотиктердің адамға және қоршаған ортаға зиянды әсерін төмендету тәсілдерін қолдану және тағам өнімдері мен шикізаттағы ксенобиотиктерді нормалау дағдысы болу керек; - ауыл шаруашылығы шикізаты мен тағам өнімдеріндегі химиялық, биохимиялық және биологиялық текті ксенобиотиктердің қалдық мөлшерін гигиеналық реттеу мәселелерінде, сондай-ақ олардың ластануының алдын алу мәселелерінде құзыретті болуы тиіс.
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Негізгі: 1. Jan Mei Soon, Louise Manning, Carol A. Wallace, Foodborne Diseases Case Studies of Outbreaks in the Agri-Food Industries. Published March 3, 2016 by CRC Press. 2. Cramer, M.M. Food plant sanitation: design, maintenance, and good manufacturing practices / M.M. Cramer.- 2nd edition.- Boca Raton; London; New York: Taylor & Francis Group, 2013.- 291 p. 3. Foodborne diseases: case studies of outbreaks in the agri-food industries / edited by J.M.Soon, L.Manning, C.A.Wallace.- Boca Raton: Taylor & Francis Group, 2016.- 418 p. 4. Foodborne viral pathogens / edited by P.A.White, N.E.Natalie, G.S.Hansman.- Boca Raton; London; New York: Taylor & Francis Group, 2017.- 262 p.- (Food Microbiology Series). 5. Microbial food safety and preservation techniques / edited by V.R.Rai, J.A.Bai.- Boca Raton; London; New York: Taylor & Francis Group, 2015.- 524 p. 6. Foodborne pathogens and food safety / editors Md.Latiful Bari, Dike O.Ukuku.- London; New York: Taylor & Francis Group, 2016.- 308 p.- (Food Biology Series). 7. Foodborne Viral Pathogens. Edited by Peter A.White, Natalie E. Netzler, Grant S. Hansman. CRC Press: Taylor & Francis Group, LLC, 2017 Қосымша: 1. Codex Alimentarius (1993) This is Codex Alimentarius, Food and Agriculture Organisation of the United Nations, Rome. 2. Codex Alimentarius (1997) Procedural Manual, 10th Edition, FAO, Rome. 3. FAO (Food and Agriculture Organisation of the United Nations) (1998) Food Quality and Safety Systems, A training manual on food hygiene and the Hazard Analysis and Critical Control Point (HACCP) system, Rome

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	TOSRG 60207- Тамақ өнеркәсібіндегі сәйкестікті растау жүйесі CASFI 60207 Conformity assessment system in the food industry
Пәннің ПОҚ	Дуйсенбекова О.О., а.ш.ғ.к., қауым.профессор
Пән циклі	БП/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	5
Оқыту нысаны	күндізгі

Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Сапа жүйесі
Пәннің постреквизиті	Кәсіби қауіпсіздік пен денсаулықты басқару жүйесінің стандарттары
Пәнді оқу мақсаты	Магистранттардың практикалық даярлық деңгейін арттыру, тамақ өнеркәсібінде сәйкестікті растау саласындағы ерекше, нормативтік құжаттарды және анықтамалық әдебиетті және еңбекті зерделеу.
Пән мазмұны	Ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнеркәсібінің сәйкестігін бағалау жүйелері. Азық-түлік пен ауылшаруашылық өнімдерінің сәйкестігін бағалау: астық пен оның өнімдерінің сәйкестігін бағалау; жемістер, көкөністер мен оларды қайта өңдеу өнімдерінің сәйкестігін бағалау рәсімі; парфюмерия мен косметиканы сертификаттау; сыра, шарап, бал, этил спирті мен алкогольді сусындарды сертификаттау; алкогольсіз және алкогольді сусындарды сертификаттау; медициналық иммунобиологиялық өнімдерді сертификаттау; темекі өнімдері мен темекі өнімдерін сертификаттау рәсімі; кондитерлік өнімдердің сәйкестігін бағалау; сүт және сүт өнімдерінің сәйкестігін бағалау; ет және ет өнімдерінің сәйкестігін бағалау; өсімдік майлары мен майлы өнімдерді сертификаттау; қантты сертификаттау; дәрілік заттарды сертификаттау; ауыл шаруашылығы өндірісінің сәйкестігін бағалау; балық өнімдерін бағалау
Пәннің күзиреттілігі	білу: салалық сәйкестікті бағалау үшін нормативтік-құқықтық базаны сертификаттау, ауыл шаруашылығы өнімдері мен тамақ өнеркәсібінің, машиналар мен жабдықтардың сәйкестігін бағалау жүйесі; істеуі керек: өнеркәсіпті сертификаттау бойынша нормативтік-техникалық құжаттаманы қолдану; күзиретті болу: тамақ өнеркәсібінің тиісті желіжолын бағалауды жүргізуде
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	Список основной литературы 1.А.К. Смагулов, Дүйсенбекова О,О., Ж.А. Исакова, А.Д. Мыржықбаева Метрологиялық қадағалау. Оқулық. Эвера. Баспахана Алматы 2018. 226бет. 2.Дүйсенбекова О О.Сапаны жалпы басқарудың модельдері (2 басылым). Оқулық. Эвера. Баспахана Алматы 2018. 237бет. 3.Каримов Ж.К.,Дүйсенбекова О О. Ауыл шаруашылық салалары бойынша өнімдерді стандарттау. Оқулық. КазНАУ. Атамұра. Баспахана Алматы 2018. 308 бет 4.Дүйсенбекова О О. Метрология, стандарттау, сертификаттау, жүйелері және сапа басқару. Оқулық 28. 06. 2018 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2018-302бет 5.А.К.Смағұлов, Қ.А. Сағындықов, Дүйсенбекова О.О. «Азық түлік өнімдері: сапа және қауіпсіздік». Оқулық. 28. 04. 2019 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2019-342 бет 6.Дүйсенбекова О О. «Халықаралық стандарттау және сертификаттау», Оқулық. 28. 05. 2019 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2019-282 бет 7.А.К. Смагулов, Дүйсенбекова О,О., Сапа аудиті. Оқу құралы 23.

	<p>04. 2016 ж.«Эвера» баспаханасында басылды. 050036, Алматы қаласы,</p> <p>8.Дүйсенбекова О О. «Тағам өнімдерінің сараптау әдістемелері» Оқулық. 28. 05. 2019 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2019-203 бет</p> <p>9.Дүйсенбекова О О. «Қолдану саласы бойынша СЗ және СРО аккредиттеу»Оқу құралы. 28. 05. 2019 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2019-133 бет</p> <p>10.Дүйсенбекова О О.Өнім және процесстер сапасын басқарудың статистикалық әдістері Оқулық 28. 02. 2015 ж.Алматы: Абай даңғылы,8 ҚазҰАУ,2015-184бет</p> <p>11.Дүйсенбекова О О. «Сапаны жалпы басқарудың модельдері. Оқулық 23. 04. 2010 ж.«Әрекет - Принт» баспаханасында басылды. 050036, Алматы қаласы,</p> <p>12Дүйсенбекова О О.Стандарттау, метрология жүйесін бақылау және сапа басқару. Оқулық 23. 04. 2010 ж.«Әрекет - Принт» баспаханасында басылды. 050036, Алматы қаласы</p>
--	---

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	GTF 7201-Ғылым тарихы мен философиясы HPS 7201 - History and philosophy of science
Пәннің ПОҚ	Заурбекова Л.Р.филос.ғ.к., қаум. профессор
Пән циклі	ЖК/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7М07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	4
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Философия
Пәннің постреквизиті	Факультет білім беру бағдарламаларындағы базалық және бейіндеуші пәндердің барлығы
Пәнді оқу мақсаты	Мақсаты – ғылыми танымның тарихи динамикасы негізінде алынған және тарихи өзгеріп жатқан элеуметтік-мәдени контекстте қарастырылған ғылыми білімді игеру арқылы арнайы қызметтің даму заңдылықтары мен тенденцияларын зерттеу.
Пән мазмұны	«Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы магистратураның барлық мамандықтары үшін міндетті. Ол магистранттардың бойында ғылыми ойлау мәдениетін қалыптастырады. Сараптамалық қабілет пен ізденіс қызметінің дағдыларын дамытып, болашақ ғалымға қажетті теориялық және практикалық білімдер береді. Ғылымға және ғалымдарға қажеттілік күшейіп отырған қазіргі заманда бұл пәнді зерттеу қоғам үшін де, жас ізденуші үшін де аса маңызды. «Ғылымның тарихы мен философиясы» курсы арнайы философиялық талдау пәні болып табылатын ғылым феноменінің мәселелерімен таныстырып, ғылымның тарихы мен теориясы, ғылым дамуының заңдылықтары және ғылымның білімнің құрылымы, ғылымның

	мамандық және әлеуметтік институт ретіндегі ерекшеліктері, ғылыми ізденіс жүргізу әдістері, ғылымның қоғам дамуындағы рөлі туралы білім қалыптастырады.
Пәннің күзiреттiлiгi	<p>- бiледi және түсiнедi: ғылымның табиғатын, құрылымын, ұйымдастыру және қызмет ету принциптерiн; ғылымның генезисi мен тарихын; ғылым тарихы мен философиясының ұғымдық аппаратын, ғылыми пәндердiң қалыптасу және даму заңдылықтарын;</p> <p>- қолдана алады: ғылыми-зерттеу қызметi барысында туындайтын мiндеттердi тұжырымдау және шешу; зерттеудiң қажеттi әдiстерiн таңдау; ғылыми зерттеу, педагогикалық жұмысты жүргiзуде әдiснамалық және әдiстемелiк бiлiмдi қолдану;</p> <p>- күзреттi: өзiндiк ғылыми-зерттеу және ғылыми-педагогикалық қызметтi жүргiзу; ғылыми мақалалар жазу, конференцияларда, симпозиумдарда сөз сөйлеу.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзiмi	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тiзiмi	<p>Негiзгi</p> <p>1.История и философия науки. Под ред. Крянева Ю.В., Моториной Л.Е. - М.: ИНФРА-М, 2011. – 426 с.</p> <p>2.Мырзалы С.К. Ғылымның тарихы мен философиясы. — Алматы: Бастау, 2014.</p> <p>3.Степин В. С. История и философия науки. - М.: Академический Проект, 2011.- 423 с.</p> <p>4.Хасанов М. Ш., Петрова В. Ф. История и философия науки. - Ллксты: Казак университетi. 2013. - 150 с.</p> <p>Қосымша</p> <p>5.Лебедев С.А, Ильин В.В. и др. Введение в философию и историю науки. - М.: Елмториал УРСС, 2009. - 344 с.</p> <p>6.Ильин В В Философия науки. — М. : Либроком, 2009. - 224 с.</p> <p>7.Гайденко П.П. Научная рациональность и философский разум. - М.: Прогресс-Традиция, 2010. - 528 с.</p> <p>8.Нұрышева Г.Ж. Философия - Алматы, 2016.</p> <p>9.История и философия науки: учеб. пособие / [М. Г. Федотова и др.; под общ. ред. М. Г. Федотовой; Минобрнауки России, ОмГТУ. – Омск: Изд-во ОмГТУ, 2018. https://www.omgtu.ru/scientific_activities/division_of_graduate_and_d_octorate/graduate</p> <p>10.Харари, Ю.Н. XXI ғасырға - 21 сабақ [Мәтiн] / Ю.Н. Харари; ауд. Е.Искаков, М.Сеңгiрбай, Қ.Сiмәдiл; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 384 б.- (Рухани жаңғыру. Жаңа гуманитарлық бiлiм. Қазак тiлiндегi 100 жаңа оқулық).</p> <p>11.Харари, Ю.Н. Homo Deus: Болашақтың қысқаша тарихы [Мәтiн] / Ю.Н. Харари; ауд. Е.Әбдiраман; "Ұлттық аударма бюросы" қоғамдық қоры.- Алматы: Ұлттық аударма бюросы, 2019.- 436 б.- (Рухани жаңғыру).</p>

Пәннің коды мен атауы (орыс.,ағыл.)	ShT7202 - Шет тілі (кәсіби) FL 7202 - Foreign language (professional)
пәннің ПОҚ	Мулдабекова К.Т., Сиргебаева С.Т., Жылтырова Ж.Т., Амандыкова Г.Я.
Пән циклі	ЖК/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредиттер саны	4
Оқыту түрі	күндізгі
Семестр/триместр	1
Пәннің пререквизиттері	Бакалавриат бағдарламасы бойынша шетел тілі (A1,A2,B1)
Пәннің постреквизиттері	B2,C1 Деңгейі
Пәнді оқып - үйренудің мақсаты	Арнайы мақсаттар үшін шет тілі курсының мақсаты магистранттардың халықаралық қарым-қатынас тілі және ұлттық мәдениеттерді кәсіби қызметтің әртүрлі салаларында, ғылыми және практикалық жұмыста, шетелдік серіктестермен қарым-қатынаста, өздігінен білім алу және басқа да мақсаттар үшін танудың құралы ретінде шет тілін пайдалануға мүмкіндік беретін коммуникативтік құзыреттілікті меңгеруі болып табылады. Практикалық мақсатпен қатар курс мамандықтарды игеруде білім беру және тәрбиелік мақсаттарды жүзеге асырады, студенттердің көкжиегін кеңейтуге, олардың жалпы мәдениеті мен білімін, ойлау мәдениеті мен күнделікті және кәсіби қарым-қатынасты арттыруға, басқа елдер мен халықтардың рухани құндылықтарын құрметтеу мен толеранттылыққа тәрбиелеуге ықпал етеді.
Пәннің мазмұны	Практикалық сабақтар, МӨЖ және МӨЖ - магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы, жобалау жұмыстарын орындау
Пәннің құзыреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: 1.Әр түрлі функционалды стильдер мен жанрлардағы арнайы мәтіндер мен түпнұсқа әдебиеттерді оқу және талдау сияқты ауызша және жазбаша қарым-қатынас туралы білім, білік және дағдылар кешенін игеруді көрсету; 2.күнделікті және кәсіби сипаттағы әңгімеге қатыса білу, 3. сөйлеу этикетінің ережелерін сақтай отырып, монологиялық және диалогтік мәлімдеменің негізгі түрлерін игеру; 4.іскерлік жазудың негізгі түрлерін меңгеру
Қорытынды бақылау формасы	Емтихан
Пәннің ұзақтығы	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	1. «New English File. Intermediate». Student’s book. Oxford University Press, 2012. 2. Постельная, А.И. Разговорные темы [Текст]: методические указания / А.И. Постельная – Ухта: Изд-во УГТУ, 2014 3. Агабекян, И. П. Английский язык для ССУЗОВ [Текст]: учеб.пособие / И. П. Агабекян. - М.: ТК Велби, Издательство Проспект, 2015 4. McMillan Dictionary of Contemporary English. - McMillan, 2010. 5. R. Harrison, S. Philpot, L. Curnick. New Headway Academic Skills.

	<p>Reading, Writing, and Study Skills. Oxford University Press. - 2009.</p> <p>6. Arline Burgmeier, Lawrence J. Zwier, Bruce Rubin, Kent Richmond. Inside Reading. The Academic Word List in Context. Intermediate to Advanced. Oxford. - 2009.</p> <p>7. Murphy Raymond. Essential Grammar in Use. Intermediate. Cambridge University Press. – 2010.</p> <p>8. British National Corpus: http://www.natcorp.ox.ac.uk</p> <p>КунанбаеваС.С. Теория и практика современного иноязычного образования. Алматы, 2010.</p>
--	--

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	BP 7204 - Басқару психологиясы PM7204 - Psychology of management
Пәннің ПОҚ	Аманбаева Э.А. п.ғ.к., қауымдастырылған профессор
Пән циклі	ЖК/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	4
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	2
Пәннің пререквизиттері	Педагогикалық практика, менеджмент.
Пәннің постреквизиті	ДҒЗЖ, зерттеу тәжірибесі
Пәнді оқу мақсаты	магистранттардың басқару іс-әрекетінің психологиялық заңдылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, басқару қатынастарының психологиялық жағының көріну ерекшеліктерімен танысу; басқарушылық қызметтің психологиялық заңдылықтары туралы жүйелік идеялардың қалыптасуына ықпал ету, басқару тиімділігінің төмендеуінің негізіндегі психологиялық себептерді талдау дағдыларын игеру; магистранттарды басқару қатынастарының психологиялық жағының көрініс ерекшеліктерімен таныстыру.
Пән мазмұны	Пән басқару психологиясының пәнін, мәнін, міндеттерін және құрылымын, психологиялық зерттеу әдістері мен оны зерттеудің негізгі тәсілдерін қарастырады. Сонымен қатар басқарушылық іс-әрекет субъектісінің психологиясын, танымдық іс-әрекет психологиясын, басқару қызметіндегі перцептивті, мнемоникалық, ойлау процестерін қарастырады. Курс заманауи іскер адамның іс-әрекетіндегі этикет, көшбасшының коммуникативті құзіреттілігі, басқару қызметіндегі эмоционалды және ерікті жағдайлары, басқарушылық қызмет қабілеттілігі туралы идеяларды қалыптастырады.
Пәннің құзіреттілігі	Пәнді меңгергеннен кейін магистрант: <i>Білуі керек:</i> басқару процесінің психологиялық компоненті; кәсіптік қызметтегі басқару процесінің әдістері, заңдары және негізгі элементтері; басқарушылық қызметтің психологиялық ерекшелігі, басқарушылық қызметтің тиімділігіне әсер ететін менеджерлер мен бағыныштылардың жеке сипаттамалары; іскери қарым-қатынастың нысандары мен заңдылықтары және оны оңтайландыруға арналған ұсыныстар;

	<p><i>Іскерліктерін меңгеру:</i> басқару субъектісі ретінде топ пен ұйым психологиясының ерекшеліктерін түсіну; тұлғаның психологиялық сипаттамаларына талдау жасау; өзіңіздің психикалық жағдайыңызды түсіндірің; жеке тұлғаны психологиялық талдау нәтижелерін басқарудың тиімділігін арттыру мүддесінде пайдалану; адамдарды басқару, күрделі іскерлік жағдайларды талдау мүмкіндігі;</p> <p><i>Меңгеруі керек:</i> басқару процесінде мінез-құлықты және өзара түсіністі өзін-өзі реттеу әдістері; басқару техникасы мен әдістері, тыңдау дағдылары, әңгімелер, келіссөздер, сенімдер; басқару тиімділігінің төмендеуіне негізделген психологиялық себептерді талдау дағдылары; басқарушылық әсер етудің тиімді әдістерін игеру;</p> <p><i>Құзыретті болуы тиіс:</i> кәсіби қабілеттерін бағалау әдістері мәселелерінде; негізгі психикалық функциялардың барысын өзін-өзі реттеу мәселелерінде; алған психологиялық білімдерін басқарушылық қызметтің әртүрлі жағдайларында практикалық қолдануда; басқару саласындағы психологиялық құбылыстарды зерттеуде.</p>
Қорытынды бақылау нысаны	Емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
Әдебиеттер тізімі	<p>Ахтаева, Н.С. Басқару психологиясы [Мәтін]: оқу құралы / Н.С. Ахтаева, А.І. Әбдіғапбарова, З.Н. Бекбаева.- Алматы: Бастау, 2009.- 250 б.</p> <p>Беляев, Ю.М. Инновационный менеджмент [Текст]: учебник / Ю.М. Беляев.- М.: Дашков и К*, 2014.- 220 с.</p> <p>Авдулова, Т.П. Психология менеджмента [Текст]: Учебное пособие / Т.П. Авдулова.- Москва: Академия, 2003.- 251с.</p> <p>Кусаинова, Н.М. Психология и этика делового общения [Текст]: учеб.-метод. комплекс / Н.М. Кусаинова.- Алматы: Эпиграф 2016.- 240 с.</p>

Пәннің коды мен атауы (қазақша, ағылшынша)	KSZhB 7309 - Кәсіпкерлік саласындағы жобаларды басқару EPM 7309 - Entrepreneurship project management
Пәннің ПОҚ	Сакибаева К.С., э.ғ.к.
Пән циклі	ЖК/ТК
Оқу деңгейі	Магистратура
Білім беру бағдарламасы	7M07501 -Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
Академиялық кредит саны	7
Оқыту нысаны	күндізгі
Семестр/триместр	2
Пәннің пререквизиттері	Менеджмент, маркетинг (бакалавриат)
Пәннің постреквизиті	ДҒЗЖ, зерттеу тәжірибесі
Пәнді оқу мақсаты	Осы курстың мақсаты магистранттарда өзгерістерді және даму процестерін басқаруға қатысты шешімдерді құру, қабылдау және бағалау үшін кәсіпкерлік қызметте жобаларды басқарудың әдіснама негіздерін, әдістері мен тәсілдерін құру және пайдалану білімі мен іскерлігін қалыптастыру болып табылады. Алынған

	білім оларға жобаларды басқару мәселелерінде кәсіпорындарға көмек көрсетуге көмектеседі.
Пән мазмұны	жобаларды және бағдарламаларды басқарудың негізгі әдіснамаларымен, әдістерімен және тәсілдерімен, инвестициялау және жобаларды дайындау әдістерімен танысу, инвестициялық мүмкіндіктерді талдау және ұйымды басқарудың жобалық-бағдарланған нысанына көшіру, басқару шешімдерін қабылдауды компьютерлік қолдау әдістері мен жүйелері, уақытты басқару әдістері, жобалардың құны, жобаларды бағалау, олардың сапасы мен тәуекелдері, адами ресурстар және сатып алулар;
Пәннің құзіреттілігі	<p>Білуі тиіс: жобаны басқарудың заманауи әдіснамасын; басқару объектісі ретінде жобалардың, бағдарламалардың анықтамалары мен түсініктерін; басқару субъектілері және олар пайдаланатын құралдар туралы анықтамалар мен түсініктерді; жобаның әртүрлі функционалдық салаларын басқару процестері мен құралдарын; жобаларды басқаруда қолданылатын қазіргі заманғы бағдарламалық құралдар мен ақпараттық технологияларды; жобаларды басқарудың даму тарихы мен үрдістерін; жобаны басқарудың негізгі құралдарын.;</p> <p>Істеуі керек: жобаның стейкхолдерлерінің мақсаттары мен мүдделерін талдау; жобаның мақсатын, пәндік саласын және құрылымын анықтау; жобаны жүзеге асырудың күнтізбелік жоспарын есептеу; жобаның жиынтық жоспарының негізгі бөлімдерін қалыптастыру; жобаның тәуекелдерін талдау; жобаны басқарудың негізгі міндеттерін шешу үшін бағдарламалық құралдарды таңдауды жүзеге асыру.</p> <p>Құзыретті болу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - жобалардағы командалық жұмыс дағдылары; кәсіпкерліктегі күрделі емес жобаларды өз бетінше басқару техникасы; жобаларды басқарудың барлық функционалдық салаларындағы күрделі жобаларды басқарушыға көмектесуге қабілетті болу; күрделі жобаларға команда жұмысына тиімді қатысуға қабілетті болу
Қорытынды бақылау нысаны	емтихан
Пәннің оқытылу мерзімі	1 академиялық кезең (15 апта)
